

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ғасырлар бойғы арманы, еркіндік пен бірліктің, бейбіт өмірдің символы. Бұл күн – халқымыздың рухы асқақтап, еліміздің еңсесі биік болған тарихи күн.

Тәуелсіз елде өскен әрбір ұрпақ Отанын сүюді, елін құрметтеуді ең қасиетті борыш деп біледі.

Егемен еліміз аман болсын, көк Туымыз мәңгі желбіресін! Қазақстанымыз – бейбіт, болашағы жарқын ел болсын!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз берік болсын!

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ҚАДАМ.

Мамандық таңдау – әр адамның өміріндегі ең маңызды қадамдарының бірі.

Осы маңызды мәселе аясында бүгін гимназиямызға Азаматтық қорғаныс жоғарғы көпсалалы колледжінің өкілдері арнайы келіп, оқушылармен мазмұнды кездесу өткізді. Кездесу барысында колледж мамандары өз оқу орнының мүмкіндіктері, мамандықтар бағыттары, оқу үрдісінің ерекшеліктері, түлектердің болашақтағы еңбек нарығындағы сұранысы туралы жан-жақты ақпарат берді.

Сонымен қатар оқушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап беріп, әр мамандықтың қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігін түсіндірді. Мұндай кездесулер оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға, өз болашағын саналы түрде жоспарлауына және мақсат қоюына үлкен ықпал етеді.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«АДАЛДЫҚ ӘЛІППЕСІ: ҮЙДЕН – МЕКТЕПКЕ, МЕКТЕПТЕН – ӨМІРГЕ» РУХАНИ СҰХБАТ



БҮГІН МЕКТЕБІМІЗДЕ «АДАЛДЫҚ ӘЛІППЕСІ: ҮЙДЕН – МЕКТЕПКЕ, МЕКТЕПТЕН – ӨМІРГЕ» ТАҚЫРЫБЫНДА РУХАНИ-ТАҢЫМДЫҚ СҰХБАТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, АРНАЙЫ ҚОНАҚ РЕТІНДЕ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ДОСЖАН ТӨЛЕНБЕКОВ ШАҚЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА АДАЛДЫҚ, ӘДІЛДІК, ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ӨМІРЛІК ТАҢДАУЛАРДА ДҰРЫС БАҒЫТ БЕРУ.

СҰХБАТ БАРЫСЫНДА ҚОНАҒЫМЫЗ ОҚУШЫЛАРҒА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ АДАЛДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ, ӨЗ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ЖАУАП БЕРУ ЖӘНЕ ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР ЖАЙЫНДА ӨЗ ТӘЖІРИБЕСІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР, ОЛАРДЫ БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ САНАЛЫ АЗАМАТ БОЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ МАЗМҰНДЫ ПІКІРЛЕРІН БӨЛІСТІ.

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ




«ӘКЕ – ОТБАСЫ ТІРЕГІ» АТТЫ ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІ

БҮГІН ГИМНАЗИЯДА «ӘКЕ – ОТБАСЫ ТІРЕГІ» АТТЫ ӘКЕЛЕР КЕҢЕСІ ӨТТІ. ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ РӨЛІН АРТТЫРУ, БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН КҮШЕЙТУ, МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ.

ИГІ БАСТАМАМЫЗҒА АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАРЫМЕН БӨЛІСУ ҮШІН КЕЛГЕН ҚАДІРЛІ ҚОНАҒЫМЫЗ – ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕДЕЛ УӘКІЛ БАҒЖАНОВ ДАУРЕН ОРАЙҰЛЫ МЫРЗА. ҚОНАҒЫМЫЗ ҚАЗІРГІ БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ, ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР, ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҰҚПАЛЫ ЖАЙЛЫ МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР БЕРІП, АТА-АНАЛАРҒА ҚҰНДЫ КЕҢЕСТЕР АЙТТЫ.

КЕҢЕС БАРЫСЫНДА ӘКЕЛЕР ҚАУЫМЫ МЕКТЕП ӨМІРІНЕ БЕЛСЕНДІ АРАЛАСУ, БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ КӨҢІЛ БӨЛУ, ҰЛ-ҚЫЗДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ДАМУЫНА ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕ ПІКІР АЛМАСТЫ. СОНДАЙ-АҚ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА БЕЙНЕРОЛИК КӨРСЕТІЛІП, МЕКТЕП ПСИХОЛОГТАРЫ ТАРАПЫНАН АТА-АНАЛАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС, ОТБАСЫ ІШІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРІЛДІ.

ШАРА СОҢЫНДА ГИМНАЗИЯ ӘКІМШІЛІГІ МЕН АТА-АНАЛАР ҚАУЫМЫ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫ ОДАН ӘРІ ЖАЛҒАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АТАП ӨТІП, ҚОНАҒЫМЫЗҒА АЛҒЫСТАРЫН БІЛДІРДІ.




МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ҚАРЖЫ САҚШЫСЫ

2025 ЖЫЛДЫҢ 1-9 ЖЕЛТОҚСАН КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ АГЕНТТІГІ МЕН ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ "КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫН "ҚАРЖЫ САҚШЫСЫ" АТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ АЛАЯҚТЫЛЫҚТАН САҚТАНДЫРУҒА БАҒЫТАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНҒА 10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ҚАМТЫЛДЫ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ



ЖАС ЗЕРТТЕУШІНІҢ ҮЛКЕН ЖЕҢІСІ



ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБА БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРЫП, РЕСПУБЛИКАҒА ЖОЛДАМА АЛҒАН ЖАС ТАЛАНТ АҚСҰҢҚАР АҚЗАТҰЛЫ ТУРАЛЫ АРНАЙЫ СҰХБАТЫМЫЗ ЖАРЫҚ КӨРДІ.

ОНЫҢ «ЖЕМІС ҚАБЫҒЫНАН ХОШ ИІСТІ МАЙ АЛУ» АТТЫ ЖҰМЫСЫ — ҚАРАПАЙЫМ ДҮНИЕНІ ЖАҒАША ЗЕРТТЕЙ БІЛУДІҢ, ТАБАНДЫЛЫҚ ПЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ. ЖАС ҒАЛЫМНЫҢ ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚҰЛШЫНЫСЫ МЕН ІЗДЕНІСІ КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛАРЫ АНЫҚ.

АҚСҰҢҚАРДЫҢ АЛДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ ДЕ БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРАТЫНЫНА СЕНЕМІЗ.

БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРТА БЕРСІН!

МҰРАТБАЕВ NEWS


ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ШАРА: «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»

БҮГІН МЕКТЕБІМІЗДЕ ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ТУЫНДЫСЫ – «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ШЫҒАРМАСЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ШАРА ӨТТІ.

ІС-ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЖАНЫҢ МІНЕЗІ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІК, АДАЛДЫҚ, ТӘРТІП, ӘДЕПТІЛІК СИЯҚТЫ ҚАСИЕТТЕРДІ ҰҒЫНДЫРУ, КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ БОЛДЫ.

ОҚУШЫЛАР ШЫҒАРМА ЖЕЛІСІ БОЙЫНША КЕЙІПКЕР МІНЕЗІН ТАЛДАП, ӨЗ КӨЗҚАРАСТАРЫН ОРТАҒА САЛЫП, СҰРАҚ-ЖАУАП, ЭССЕ ЖӘНЕ ТҮРЛІ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ. СОНДАЙ-АҚ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ФИЛЬМІНЕН АЛЫНҒАН КӨРІНІСТЕР КӨРСЕТІЛІП, БАЛАЛАР ӨЗДЕРІ ОҚЫҒАН ОҚИҒА МЕН КӨРГЕН БЕЙНЕ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗДІК — МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАСТЫ ТҰҒЫР,
РУХЫМЫЗДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ. СОЛ СЕБЕПТІ ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
БҰЛ ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕНІ МАҚТАНЫШПЕН, ЖҮРЕК ТҮКПІРІНЕН СЕЗІНУІ
ТИІС.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ КӨК ТУЫ КӨГІМІЗДЕ МӘҢГІ ЖЕЛБІРЕП,
ЕЛДІГІМІЗДІҢ НЫШАНЫ БОЛЫП ҚАЛА БЕРСІН!

АЛТЫН КҮН АСПАНЫНЫҢ АСТЫНДА АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ ОТЫ
СӨНБЕЙ, ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСА БЕРСІН!

БЕЙБІТ ӨМІР, БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ САЛТАНАТ ҚҰРҒАН ЕЛДЕ
ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК, БОЛАШАҒЫМЫЗ НҰРЛЫ БОЛСЫН.
ЕЛІМІЗДІҢ ӘРБІР ЖЕТІСТІГІ — АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ ЖЕМІСІ, ӘРБІР
ТАБЫСЫ — ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАТУЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ.
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМЫЗДЫҢ ІРГЕСІ БЕРІК, ЕҢСЕСІ БИІК, ТҰҒЫРЫ
МӘҢГІЛІК БОЛҒАЙ!

КӨК БАЙРАҒЫМЫЗ ӘЛЕМ ТӨРІНДЕ ҚАШАНДА АСҚАҚТАП, ҰЛТ РУХЫ
ҰРПАҚ ЖАДЫНДА МӘҢГІ ЖАҢҒЫРА БЕРСІН!



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«ЖЕҢІС ЖОЛЫ: ШӘКІРТ ПЕН ҰСТАЗ БІРЛІГІ»

11-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АСАНОВА НАЗЛИ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДА МЕКТЕП АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТТЫ. АУДАНДЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ЖЕҢІС РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЛАЙЫҚТЫ НӘТИЖЕМЕН ЖАЛҒАСТЫ. БҰЛ — НАЗЛИДІҢ ТАБАНДЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕТЕКШІСІ АЙНҰР БЕРЕКЕҚЫЗЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ЕҢБЕГІНІҢ АЙҒАҒЫ. СҰХБАТТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНІС ПЕН ҰСТАЗ-ШӘКІРТ ЫНТЫМАҒЫ СӨЗ БОЛДЫ. ОСЫНДАЙ ЖЕТІСТІКТЕР МЕКТЕП ҮШІН ҮЛКЕН МАҚТАНЫШ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«ЖАҢЫЛТПАШ TIME»



БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН, ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН, ШАПШАҢ ЖӘНЕ АНЫҚ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН НАСИХАТТАЙ ОТЫРЫП, ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ. БАЙҚАУ ЕКІ КЕЗЕҢНЕН ТҰРДЫ:

I КЕЗЕҢ – «1 МИНУТТА ҚАНША ЖАҢЫЛТПАШ АЙТА АЛАСЫҢ?» ОҚУШЫЛАР АЛДЫН АЛА ЖАТТАП КЕЛГЕН ЖАҢЫЛТПАШТАРЫН 1 МИНУТ ІШІНДЕ ҚАТЕСІЗ ӘРІ КӨП АЙТУҒА ТЫРЫСТЫ.

II КЕЗЕҢ – «ТЕЗ ЖАТТАП, ТЕЗ АЙТ» ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖАҢА ЖАҢЫЛТПАШТАР БЕРІЛІП, ОЛАРДЫ 1 МИНУТ ІШІНДЕ ЖАТТАП, ҚАТЕСІЗ АЙТУ ТАЛАП ЕТІЛДІ. БАЙҚАУ ӨТЕ ҚЫЗЫҚТЫ ӘРІ ТАРТЫСТЫ ӨТТІ. ҚАТЫСУШЫЛАР МИНУТЫНА 16-22 ЖАҢЫЛТПАШ АЙТЫП, ЕРЕКШЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ.

ҚОРЫТЫНДЫ КЕЗЕҢДЕ ӘДІЛҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ӘДІЛ БАҒАЛАП, ТҮРЛІ НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША МАРАПАТТАДЫ.

МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

БІР АУЫЛДА ӘКЕ МЕН ОНЫҒ БАЛАСЫ ӨМІР СҮРІПТІ. ӘКЕСІ АҚЫЛДЫ, ЕҢБЕКҚОР, ӨМІРДІҒ МӘНІН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН ЖАН ЕКЕН. ОЛ БАЛАСЫНА ҮНЕМІ АДАЛ ЕҢБЕК ЕТУДІҒ, МАҢДАЙ ТЕРМЕН ТАБЫС ТАБУДЫҒ МАҢЫЗЫН АЙТЫП, ДҰРЫС ЖОЛҒА БАҒЫТТАП ОТЫРАДЫ.

АЛ БАЛАСЫ БОЛСА, ӘКЕСІНІҒ АҚЫЛЫН ТЫҒДАҒЫСЫ КЕЛМЕЙ, ЖЕҒІЛ ӨМІР СҮРГІСІ КЕЛІП, ЕҢБЕКТЕН ҚАШҚАҚТАЙДЫ. БІР КҮНІ ӘКЕСІ ОНЫ ЕГІСТІККЕ АПАРЫП, ЖЕР ӨҢДЕП, ӨНІМ ӨСІРУДІҒ ҚАНДАЙ ҚИЫН ӘРІ ПАЙДАЛЫ ЕКЕНІН ІС ЖҮЗІНДЕ КӨРСЕТЕДІ. КҮННІҒ ЫСТЫҒЫНДА ШАРШАП ЖҰМЫС ІСТЕГЕН БАЛА ЕҢБЕКТІҒ ҚАДІРІН ТҮСІНІП, ШЫДАМДЫЛЫҚ ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫҒ МАҢЫЗЫН ҰҒЫНАДЫ.

СОЛ КҮННЕН БАСТАП БАЛА ЖАЛҚАУЛЫҚТЫ ТАСТАП, ЕҢБЕКҚОР БОЛУҒА ТЫРЫСАДЫ. ОЛ ӘКЕСІНІҒ ӘР СӨЗІ ШЫНДЫҚ ЕКЕНІН ЖҮРЕГІМЕН СЕЗІНІП, ӨМІРДЕ ТЕК ЕҢБЕКТІҒ АРҚАСЫНДА ҒАНА АДАМ ӨЗ МАҚСАТЫНА ЖЕТЕ АЛАТЫНЫН ТҮСІНЕДІ.



Ы. АЛТЫНСАРИН
«ӘКЕ МЕН БАЛА»